Қарағанды қаласы ІІБ Орталық ПБ тергеушісі Ниязов өз өндірісіндегі ұрлық фактісімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында күдікті Мироновтан жауап алды. Жауап алу барысында күдіктінің физиологиялық жағдайды тергеушіге күмән туғызды. Содан, күдіктіге қатысты психоневрологиялық салған сұрауда Миронов тіркеуде тұрмайтындығы анықталды, алайда психитриялық сараптаманың нәтижесіне сәйкес Миронов емделуді қажет етеді.

Тапсырма:

1. Ахуалды бағалаңыз.
2.Күдіктіге қатысты мәжбірлеу шарасын қолдану туралы қаулыны құрастырыңыз.

26 жаттығу

2017 жылдың 10 наурыз күні сағат 23.00 шамасында 1993 жылы туған Р.А.Манасов Қарағанды қ.Сәкен көшесінде орналасқан «Маяк» дүкенінің жанында 1989 жылы туған Мельник Игорь Васильев «Самсунг» маркалы ұялы телефонын күш қолдану арқылы ашық түрде ұрлап кетіп, соның нәтижесінде 50 000 тенге көлемінде шығын келтірген. ЖІШ барысында 1993 жылы туған Р.А.Манасов ұсталынды.

Тергеуші анықтау жұмыстарын жүргізгеннен кейін Р.А.Манасовтың қылмыс жасағандығы туралы дәлелдемелер жеткілікті екендігін ескеріп, күдікті ретінде жауап алу туралы шешім қабылдады.

Тапсырма:

1.Ахуалды бағалаңыз.

2.Күдікті ретінде тану туралы қаулы құрастырыныз.

27 жаттығу

17.02.2017 жылы Қарағанды қаласы ІІБ Орталық ПБ-нің қызметкерлері ЖІШ нәтижесі бойынша күдікті ретінде Қарағанды қаласы, Ержанов көшесі 65 үй 24 пәтер тұрғыны, 1988 жылы туған бұрын сотталған С.П.Николев ұсталынып, одан «Самсунг» маркалы теледидар алынды. Ал алынған «Самсунг» маркалы теледидарын айғақты зат ретінде танып оны қылмыстық іске тіркеді.

Тергеуші қажетті анықтау жұмыстарын жүргізгеннен кейін С.П.Николаевке қатысты бұлтартпау шарасын ретінде ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қолхат алу туралы шешім қабылдады.

Тапсырма:

1.Ахуалды бағалаңыз.

2.Бұлтартпау шарасы ретінде ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қолхат алу туралы қаулыны құрастырыңыз.

28жаттығу

17.02.2017 жылы Қарағанды қаласы ІІБ Орталық ПБ-нің қызметкерлері ЖІШ нәтижесі бойынша күдікті ретінде Қарағанды қаласы, Ержанов көшесі 65 үй 24 пәтер тұрғыны, 1988 жылы туған бұрын сотталған С.П.Николев ұсталынып, одан «Самсунг» маркалы теледидар алынды. Ал алынған «Самсунг» маркалы теледидарын айғақты зат ретінде танып оны қылмыстық іске тіркеді.

Тергеуші қажетті анықтау жұмыстарын жүргізгеннен кейін С.П.Николаевқа қатысты бұлтартпау шарасын ретінде ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қолхат алу туралы шешім қабылдады.

Тапсырма:

1. Ахуалды бағалаңыз.
2. Ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қолхаттың үлгісін толтырыңыз.

29 жаттығу

2017 жылдың 22 наурыз күні сағат 15-00 шамасында Зелинская көшесінде орналасқан «Маяк» дүкенінің жанында Қарағанды қаласы Қ.Сәтбаев көшесі 12 үй, 30 пәтер тұрғыны 26.03.1976 жылы туған азамат Асаров Марат Мұратовичтің жеке басын тексеру барысында үстіне киген қара күртешесінің

оқ жақ қалтасынан жылтыр қағазға оралған, сұр түсті, ұнтақ тәріздес зат табылып айғақтардың қатысуымен алынған.

Тергеуші қажетті анықтау жұмыстарын жүргізгеннен кейін М.А.Мұратовқа қатысты қылмыстық іс бойынша айыптау хаттамасын құрастыру туралы шешім қабылдады.

Тапсырма:

1. Ахуалды бағалаңыз.
2. М.А.Мұратовқа қатысты қылмыстық іс бойынша айыптау актісін құрастырыңыз.

30 жаттығу:

17.02.2017 жылы сағат 09.00 шамасында Қарағанды қаласы ІІБ Орталық ПБ кезекші бөліміне, Қарағанды қаласының Б.Жырау даңғылы 22 үй, 12 пәтер тұрғыны, 1982 жылы туған аз.Ж.Н.Сардаров арызданды. Ол өз арызында, сол күні 07.30-да үйіні келген уақытта пәтерінің есігінің құлпы бұзылғандығын және үйініен құны 100000 теңге тұратын «Самсунг» маркалы теледидары ұрлағандығын көрсетті. Осы қылмыс бойынша М.М.Асаров жеткізілді. Анықтаушы қажетті анықтау жұмыстарын жүргізгеннен кейін М.М.Асаровқа қатысты қылмыстық іс бойынша айыптау хаттамасын құрастыру туралы шешім қабылдады.

1. Ахуалды бағалаңыз.
2. М.М.Асаровқа қатысты жеткізу туралы хаттамасын құрастырыңыз.

«ІІО-ғы анықтау» пәні бойынша тест сұрақтары 3 курс

1. Анықтаушы іс бойынша беттестіруді жүргізу үшін неше куәгер қатысуы керек?
2. Анықтаушы қандай жағдайларда қылмыстық істерді біріктіреді?
3. Қылмыстық ізге түсуді қай субьект жүзеге асырмайды?
4. Қаулы құрылымы кандай болуы керек?
5. Қылмыстық процестік ісжүргізу құжаттарын қай органының қызметкерлері құрастыруға құқылы?
6. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуді тоқтатқан кезде қандай құжат толтырылады?
7. Анықтаушыға сараптама тағайындау қандай жағдайда қажет?
8. Анықтаушы күзетпен ұстау бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулының неше данасын шығаруы қажет?
9. Қазақстан Республикасында қылмыстық сот өндірісі қай тілде жүред?
10. Күдіктінің өз кінәсін мойындауының дәлелдемелік маңызы қандай?
11. Қылмыстық істе күдікті қорғаушы көмегіне қай кезден бастап құқылы болады?
12. Жеке айыптау ісінің қозғалуы?

13. Бір қылмыстық іс бойынша шақырылған тұлғалардан анықтаушы бір мезгілде бірнеше тұлғадан жауап алуы мүмкін ба?
14. Қылмыстық құқық бұзушылық сотқа дейінгі тергеп-тексерудің біріңғай тізіліміне енгізілмес бұрын, тінту жүргізуге бола ма?
15. Анықтаушының қылмыстық сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтау туралы қаулысы неше бөліктен тұрад?
16. Күдіктінің біреуінің қылмысқа қатыстылығы жоқ екені анықталған жағдайда қылмыстық істі қысқартуға болама?
17. Анықтаушы күдікті мен қорғаушының қылмыстық іс материалдарымен танысу уақытын шектей алады ма?
18. Қылмыстық іс бойынша анықтаушыдан куә ретінде жауап алуға болады ма?
19. Куә мен күдіктіні беттестіру кезінде кім қатысуға құқылы?
20. Сот сараптамасының түрлерін атаңыз?
21. Прокурор қылмыстық іс материалдарымен күдіктіні және оның қорғаушысын таныстыру уақытын шектей алады ма?
22. Ұстап алу барысында мынандай құжат толтырылады:
23. Қандай мерзім ішінде ұстап алынғандығы туралы прокурорға хабарлау керек?
24. Бұлтартпау шарасын таңдау барысында кандай жағдайлар ескеріледі?
25. Анықтау органының бастығының орынбасары қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды қарау мерзімін ұзартуға құқығы бар ма?
26. Кепіл заты ретінде не табылады?
27. Күзетпен ұстау бұлтартпау шарасын қолданғанда қандай құжаттар толтырылады?
28. Күдіктіге бір мезгілде екі немесе одан да көп бұлтартпау шаралары қолдана алама ?
29. Ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы бұлтартпау шарасын қолданғанда қандай процессуалдық құжаттар толтырылады?
30. Күдіктіге қатысты бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулының көшірмесін беру қажет пе?
31. Жеке кепілгерлік бұлтартпау шарасы болып табылады ма?
32. Жеке кепілгерлік қолданылғанда қандай процессуалдық құжаттар толтырылады?
33. Анықтау істері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру қанша мерзімде жүргізіледі?
34. «Кәмелетке толмаған адамды карауда ұстауға беру» бұлтартпау шарасы қолданылғанда кәмелетке толмағандарды ата-анасынан басқа кімге карауға берілуі мүмкін?
35. Қауіпсіздік шарасы қашан тоқтатылады?
36. Жалпы ереже бойынша кімге процесстік мәжбүрлеу шаралары қолданылады?
37. Анықтаушы қандай мақсатта процесстік мәжбүрлеу шаралары қолданылады?
38. Куә мен жәбірленушілерге лауазымынан шеттету қолданылуы мүмкін бе?

39. Ақша өндіріп алуна  күдіктілерге, айыпталушыларға қатысты қолданылуы мүмкін бе?
40. Келу туралы міндеттеме ол жазбаша құжат?
41.Күштеп алып келуде қандай процесстік құжат толтырылады?
42. Қылмыс құқық бұзушылық жасаған күдіктіге тұлғаны анықтаушы ұстап алу жүргізе ала ма?
43. Күдіктінің қызметінен шеттету не болып табылады?
44. Алдын ала тергеу міндетті емес істер бойынша анықтаушы қай сәттен бұлтартпау шарасын қолдана алады?
45. Ақша өндіріп алу куә мен жәбірленушіге қолданыла ма?
46. Анықтаушы қандай мақсатта мүлікке тыйым салу қолдана алады?
47. Анықтаушы қылмыс жасаған күдіктіге мәжбүрлеу және бұлтартпау шарасын бір сәтте қолданыла алады ма?
48. Шет мемлекет азаматын қылмыс жасағанға күдікті ретінде ұсталғанды ҚР СІМ хабарландырылады ма?
49. Қылмыс жасаған күдікті ретінде ұсталған тұлғаға қатысты Ф 1.0 стат. карточкасы толтырылады ма?
50. Күзетпен ұстау бұлтартпау шарасы ретінде қолданылғанда қаулыға қосымша ретінде қылмыстық істің жылжу барысы туралы анықтама толтырылады ма?
51. Күзетпен ұстау бұлтартпау шарасын қолданғанда айыптау актісінің қосымшасына күзетпен ұстауды қолдану уақыты көрсетіледі ме?
52. Анықтаушы қылмыс жасаған күдіктіні ұстағанда жеке тінту куәгерсіз өткізілуі мүмкін бе?
53. Куәгерлерге басқа да процесстік мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін бе?
54. Бұлтартпау шаралары есі дұрыс емес күдіктілерге қолданылады ма?
55. Күдіктілерге қауіпсіздік шаралары қолданылуы мүмкін бе?
56. Басқа да процесстік мәжбүрлеу шараларын қолданғанда қандай процесстік құжат толтырылады?
57. Кінәсінн мойындап келу бұлтартпау шарасын қолданғанда ескеріледі ма?
58. Алдын ала тергеу процесінде күзетпен ұстау ең ұзақ мерзімі?
59. Сот сатыларында қамаудың жалпы ұзақ мерзімі қандай?
60. Анықтаушы қолданған бұлтартпау шараларын бұзғанда қандай салдар болуы мүмкін?
61. Бұлтартпау шарасын қолданғанда күдіктілерге осы қаулының көшірмесі беріледі ме?
62. Қылмыс жасауға күдікті ретінде ұстау хаттамасында ұсталғанның құқықтары түсіндіріледі ме?
63. Анықтау бөлімінің қызметіне кім қадағалау мен басшылық жасайды?
64. Қылмыс жасауға күдікті ретінде ұсталған тұлғаға қай сәттен бастап қорғаушыға құқығы пайда болады?
65. Қылмыс жасағанына күдікті тұлғаның ұсталғаны жайлы хабарлама кімге жіберіледі?

66. Қылмыс жасағанына күдікті ретінде ұсталған тұлғадан тергеушімен онда болған құндылықтар және ақшалар алынады ма, егер олар іс бойынша заттык дәлелдеме болмаса?
67. Қепіл сот депозитына шетел валютасында салынуы мүмкін ба(АҚШ доллары)?
68. Кепіл депозит сотына ауылшаруашылық азақ-түлікпен салынуы мүмкін ба?
69. Кепіл депозит сотына құнды өңделмеген тастармен салынуы мүмкін ба?
70. Бұлтартпау шарасының қайсысына соттың санкциясы қажет?
71. Жариялық принципі нені білдіреді?
72. Прокурордың санкциясыз жәбірленушіні, куәні мәжбүрлеп куәландыруға болады ма?
73. Күдіктіден түнгі уақытта жауап алуға бола ма?
74. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің мерзімі қандай?
75. Сотқа дейінгі тергеп тексеру қандай құжатпен аяқталады?
76. Анықтау органының құрамына алу үшін заңгерлік білімі мен қылмыстарды ашудағы ІІО қанша жылдық тәжірибесі болу керек?
77. Анықтау органының және ІІО жұмыстарының нәтижелері қандай негізгі көрсеткіштермен бағаланады?
78. Сотқа дейінгі тергеп тексеруді бастау себептерін атаныз?
79. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысындарың атаныз?
80. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп тексеру аяқталғаннан кейін айыптау актісімен бірге қылмыстық істі кімге жіберіледі?
81.Үш тәуліктен кешіктірмей прокурор сотқа дейінгі жеділдетілген тергеп тексеру аяқталу бойынша қандай әрекеттерді жүргізуге мүмкін бе?
82.Адамның қылмыстық құқық бұзушылыққа қатыстылығын анықтау мақсатында үш сағаттан аспайтын мерзімге қолданылатын процестік мәжбүрлеу шарасы қалай айтамыз?
83.Прокурор сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін айыптау актісімен бірге қылмыстық істі ала отырып неше тәуліктен шешім шығаруы тиіс?
84.Анықтау органының бастығының міндетті қандай?
85.Анықтау бөлімінің бастығы болмаған жағдайда оның міндеті ІІБ бастығының бұйрығымен кімге жүктеледі?
86. Анықтау органының қызметкері оқиға болған жерді карауға құқығы бар ма?
87. Тергеп-тексеру жүргізу барысында іс үшін маңызы бар белгілі бір заттар мен құжаттардың қайда және кімде екені анық болғанда оларды алу қай тергеулік әрекетпен жүзеге асырылады?
88.Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексіне сәйкес анықтаушының түсінігін атаныз?
89. Тергеуші өз қызметінде қандай заңнамалық актілерді басшылыққа алуы тиіс?
90. ІІО басқада қызметкері жедел тергеу тобы келмегенде қарап-тексеруді жүргізуге өкілеттігі бар ма?

91.Тергеуші сотқа дейінгі тергеп-тексеру процесінде қандай да бір процестік шешімді қабылдау кезінде қандай процестік құжат толтырылад?
92.Күдіктінің ұсталғандығы туралы туыстары қандай әдіспен хабарландырылады?
93."Экстрадициялық қамау" кіммен санкцияланады?
94. Күзетпен ұстау мен үйқамақта ұстауды қолдануды таңдауда қандай айырмашылықтар бар?
95. Кімге бұлтартпау шаралары қолданылуы мүмкін?
96. Үйқамақта ұстауды қолдануда қандай мән жайлар ескерілед?
97. Үйқамақта ұстау бұлтартпау шарасын қолдануда күдікті болуы міндетті үйді субарендаға беру мүмкін бе?
98. Үйқамақта ұстау бұлтартпау шарасын қолдануда күдікті басқа тұлғалармен қарым-қатынас жасай алады ма?
99. Үйқамақта ұстау бұлтартпау шарасын қолдануда кез келген шектеулер орнатылады ма?
100. Үйқамақта ұстау бұлтартпау шарасының шарттарын бұзудың дәлелі болып не табылады?
101. Қандай процессуалдық құжат үйқамақта ұстау бұлтартпау шарасын орындау қаулысын алғанда толтырылады?
102. Қадағалау жүргізетін лауазымды тұлға қамаудағы күдіктінің тұрғылықты үйіне бару рұқсат па(үйқамақта ұстау бұлтартпау шарасы қолданылған)?
103. «Күзетпен ұстау» бұлтартпау шарасын қолданғанда қаулының құрылымы қандай?
104. «Кепіл» бұлтартпау шарасын қолданғанда қандай қажетті құжаттар құрастырылады?
105. Анықтаушымен аса ауыр қылмыс жасаған күдіктіге кепіл қолданылуы мүмкін бе?
106. Прокурор кепілдің сомасын өзгерте алады ма?
107. Куәдан жауап алу кезінде одан қандай айғақтар туралы жауап алу мүмкін емес?
108. Күдіктіні ұстап алудың неше негізі бар?
109. Бұлтартпау шаралары атаныз?
110. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуың атаныз?
111. Жауап алу үзіліссіз неше сағаттан артық жүргізілмеуге тиіс?
112. «Күзетпен ұстау» бұлтартпау шарасының жалпы мерзіміне кіреді:
113. Қазақстан Республикасының ҚПК сәйкес айыптау актісінің мазмұның атаныз?
114. Айыптау актісінің сипаттама–уәждеу бөлігінде қандай мәселе көрсетіледі?
115. Айыптау актісінің кіріспе бөлігінде қандай мәліметтер көрсетіледі?
116. Сотқа дейінгі тергеп тексеру бойынша жеке тапсырма беруге кім құқылы?
117. Бір объектіні қайталап тексеру келесі жағдайда мүмкін:
118. Анықтаушы қандай жағдайда сараптама тағайындайды?
119. Сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде айғақтады сол жерде тексеру және нақтылау тергеу әрекеті не үшін жүргізіледі?

120. Күдіктіні ұстап алу келесідей қылмыстық процестік мерзімде жүзеге асырылады:
121. Сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде жедел-іздестіру қызметінің нәтижелерін пайдалануға бола ма?
122. Тергеуші, анықтаушы өзі куә болған қылмыстық құқық бұзушылық бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру жүргізе алады ма?
123. Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар атаныз?
124. Кепіл бұлтартпау шарасы қолданылады:
125. Іс материалдарымен кімдерді таныстырамыз?
126. Бұлтартпау шарасы ретінде қосымша шектеуді атаныз:
127. Анықтаушының күзетпен ұстауға алу өтінішін қолдауда прокурор жауап алады:
128. Шақыру бойынша келу туралы міндеттеме кімнен алынуы мүмкін:
129. Көрсетілген бұлтартпау шараларының ішінде қайсысына прокурордың санкциясы қажет?
130. Күдіктінің лауазымынан уақытша шеттету бұл:
131. Ұстау мерзімі есептеледі:
132. Электрондық бақылау құралдарын қолдану тәртібін, шарттары мен негіздерін кім айқындайды?
133. Ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат беру бұлтартпау шарасын күдікті бұзғаны үшін қандай салдар болуы мүмкін?
134. Қылмыстық-процестік ұстау бұл?
135. Прокурор қамауға алуға санкция беру туралы қолдау туралы қаулысын, сондай ақ оның негізділігін растайтын материалдарды ұстау мерзімі аяқталғанға дейінқанша сағаттан кешіктірілмей сотқа табыс етуі тиіс?
136. Күдіктіге, айыпталушыға бір мезгілде екі және одан да көп бұлтартпау шараларын қолдану мүмкін бе?
137. Күдіктіге тергеу әрекеттерін жүргізу үшін бір Тергеу изоляторынан екіншісіне кезең-кезеңмен алдырту рұқсат етіледі ме?
138. Мәжбүрлеп күштеп алып келу қолданылуы мүмкін бе?
139. Басқа да мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін бе?
140. Қылмыстық-процестік күзетпен ұстап алу қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін қолданылуы мүмкін бе?
141. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодекісіне сәйкес қылмыс жасаған тұлғаны ұстауға кім құқылы?
142. Қылмыстық процестік ұстау жүргізілгенде қандай құжаттар толырылады?
143. Қылмыстық процестік ұстау жүргізілгенде неше сағат ішінде прокурор мен туысқандары хабарландырылады?
144. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тергеу неше тәулік ішінде аяқталуға тиіс?
145. Қандай жағдайда сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру қолданылмайды?
146. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі неше баптан тұрады?

147. Процестік мәжбүрлеу шаралары адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектей алады ма?
148. Жеке тұлғаға бұлтартпау шарасын қолдану арқылы жауап алу үшін тұрғынжайдан шықпау туралы қандай құжат толтырылады;
149. Күзетпен ұсталғандар және ұстапалынғандар қайда қамалады?
150. Күдікті мен айыпталушының жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін заңмен реттелеме?
151. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген процестік ұстап алынған адам қорғаушымен кездесуге құқығы бар ма?
152. Ұстап алынған күдіктінің туысқандары жазбаша хабардар болуы керек па?
153. Кәмелетке толмағандарға күзетпен ұстау бұлтартпау шарасы қолданылады ма?
154. Кәмелетке толмағандарға сотқа дейінгі тергеп-тексеруде қолданылатын жоғарғы күзетпен ұстау мерзімі?
155. Кәмелетке толмағандарға күзетпен ұстау түрінде бұлтартпау шарасы қандай жағдайда қолданылмайды?
156. Қылмыстық қудалау органдарында қамтамасыз ету мақсатына байланысы көрсетілген бұлтартпау шараларының қайсысы белсенді?
157. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынған адамның ұстау уақыты өткен соң УҰИ бастығы қандай іс әрекет жасауға тиісті?
158. Күдікті ретінде ұсталған адамның отбасының кәмелетке толған мүшелерінен өзге адамдарға оның ұсталғандығы жайлы хабарланады ма?
159. Қандай жағдайда және қандай мақсатпен қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды ұстау жүзеге асырылады ?
160. Тоқтатылған қылмыстық істі зерделеу нәтижелері бойынша прокурор қандай шешім қабылдайды?
161. Ұстау мерзімі бітуіне қандай мерзім қамау уақытша ұстау изоляторы бастығы тергеушіге айыптау танымау туралы факт бойынша хабарлау тиіс?
162. Тергеуші күдіктіге құқықтарын немесе шешімін түсіндіруге міндетті ме?
163. Бұлтартпау шарасында « кепіл » санкциясы кіммен беріледі?
164. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде бұлтартпау шарасына өзгертулер рұқсат етіле ме?
165. Бұлтартпау шарасында қандай процессуалдық құжат толтырылады?
166. Мүлкін тәркілеу тергеушінің құқықтары мен міндеттеріне жатама?
167. Қандай заттар мүліктік тәркілеуге жатпайды?
168. Жеке мүлікті тәркілеу қанша мөлшерде қолданылады?
169. Күштеп акелу қандай уақытта жүзеге асырылады?
170. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде күштеп акелу кіммен жүзеге асырылады?
171. Мүлікті тәркілеу кезінде қандай процессуалдық құжаттар толтырылады
172. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде мүлікті тәркілеу кіммен қолданылады?
173. Мүлікке тыйым салумен бірге тінту жүргізіледі ма?
174. Күзетпен ұстау және үйқамақ процедурасы немен регламенттеледі?

175. Үкімді қамтамасыз ету мақсатында бұлтартпау шаралары қолданылуы мүмкін бе?
176. Аталған тұлғалардын қайсысы процестік мәжбүрлеу шарасын қолдануға санкция беруге құқылы?
177. Ұстап алғандарды уақытша ұстау изоляторында ұстауға бола ма?
178. Кәмелетке толмаған тұлғаларды күштеп акелуге бола ма?
179. Қылмыстық істі ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатқан кезде қандай статистикалық карточкалар толтырылад?
180. Қылмыстық істі тоқтата тұрған кезде қандай статистикалық карточкалар толтырылад?
181. Есірткі заттарды тәркілеген немесе жойған кезде қандай статистикалық карточкалар толтырылады?
182. Келіп түскен арызда немесе хабарламада қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодекісінің қандай баптарын басшылыққа ала отырып қылмыстық іс тоқтатылуға жатады?
183. Келіп түскен арызда немесе хабарламада қылмыстық құқық бұзушылықтың оқиғасы болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодекісінің қандай баптарын басшылыққа ала отырып қылмыстық іс тоқтатылуға жатады?
184. Азаматтардың қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздары мынандай болуы мүмкін:
185. Арыз немесе хабарлама қандай есепке алу құжатына тіркеледі?
186. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдаудың іс жүргізулік тәртібі қандай нормативтік қайнар көзбен реттеледі?
187. Арыз берушіге көрінеу жалған сөз жеткізгені үшін Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің қандайда бір бабы боиынша қылмыстық жауаптылық туралы ескертіледі ме?
188. Кінәсін мойындап келу дегеніміз не?
189. Оқиға болған жерді қарап-тексеру жүргізу хаттамасына  қандай құжаттар қоса тіркеледі?
190. Сараптама тағайындау барысында анықтаушы қандай шешім қабылдайд?
191. Сотқа дейінгі тергеп тексеру басталған кезде анықтаушы қандай процессуалдық құжат толтырады;
192. Бағыттама не үшін және кімге беріледі?
193. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде қылмыстық іс бойынша арызданушы қай кезден бастап жәбірленуші мәртебесіне ие болады?
194. Жәбірленушінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіру қалай рәсімделед?
195. Қылмыстық процестік кодекісінің актісі- бұл?
196. Қылмыстық іс жүргізудегі қаулы –бұл?:
197. Қаулы қылмыстық іс жүргізу қызметінің қай кезеңінде шығарылады?
198. Қаулы шығарылуы бойынша қандай шешім шығарылад?:
199. Қылмыстық істі бөлектеп алу жағдайлары?
200. Күдікті бұл?

201. Қандай жағдайларда іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін үзеді?
202. Қылмыстық - процессуалдық ұстау бұл :
203. Үлгі ретінде келесі заттар алынады?
204. Қандай жағдайларда сараптаманы міндетті түрде тағайындалады:
205. ҚР ҚПК 129 бабы бойынша жеткізу дегеніміз не?
206. Беттестіру қандай жағдайларда жүргізіледі:
207. Қайталап жауап алу мынандай жағдайларда жүзеге асырылады:
208. Қандай жағдайда бұлтартпау шарасы қолданылған адамға қатысты электронды бақылау құралдары қолданылуы мүмкін:
209. Ұстап алу хаттамасында мынандай мәліметтер көрсетіледі:
210. Айыптау актісі қандай бөліктерден тұрады:
211. Соттық сараптама түрлерін атаңдар:
212. Шағымдарды қарастыру нәтижесі бойынша лауазымды тұлғалардың қайсысының шешімі шағымдануға жатпайды?
213. Күдіктіні ұстау мерзімі белгіленеді?
214. ІІО қызметкері іс бойынша куә бола алады ма?
215. Тергеу әрекетін жүргізу барысында қатысушыларға күш қолданылуы мүмкін бе?
216. Тергеу әрекетін жүргізу барысында қанша куәгер қатысу керек?
217. Қылмыс жасаған адамды жәбірленуші ұстауға міндетті ме?
218. Тергеу әрекетінің хаттамасы қай уақытта жасалады?
219. Қылмыстық іс жүргізуде тұлға кай кезден бастап жәбірленуші деп танылады?
220. Күдіктінің іс әрекетін саралау туралы қаулыда көрсетіледі:
221. Жедел-іздестіру шараларынан алынған нәтижелерді қылмыстық істі тергеу барысында дәлелдеме ретінде қолдануға болады ма?
222. Куәдан түнгі уақытта жауап алуға болады ма?
223. Күдіктінің қылмыс жасаудағы кінәсін, кінәлі еместігін дәлелдеу міндетті кімге жүктелген?
224. Жауап алынып отырған адам, жауап алу хаттамасына қоса келесі заттарды жасай алыды:
225. Қашықтықтан жауап алу жүргізіледі:
226. Күдіктінің жауап беруден бас тартуы қалай бағаланады?
227. Көрсетілген актілердің қайсысы қылмыстық-процесуалдық шешім болып табылады?
228. Алдын ала тергеудің мерзімі қандай?
229. Ұстап алудың мақсаты-?
230. Қылмысқа қатысы бар деген күмән туғызып,ұсталған адамды босатудың негізі?
231. Бұлтартпау шарасын таңдау кезінде қандай мән-жайлар ескеріледі?
232. Бұлтартпау шарасының қайсысына соттың санкциясы қажет?
233. Сот – медициналық сараптама тағайындаған кезде тергеуші сарапшыға қандай сұрақтар қойады?

234. Анықтаушының жеке тапсырмасы қанша мерзім ішінде орындалуы керек?
235. Күдіктіге қатысты күзетпен ұстау бұлтартпау шарасының мерзімі қандай?
236. Анықтаушы анықтау органына қандай тапсырма беруге құқылы?
237. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғандығы туралы прокурорға қанша уақыт арасында хабардар етіледі?
238. Егер куә немесе жәбірленуші тән кемістігіне байланысты хаттамаға өзі қол қоя алмайтын болса анықтаушы не істеу керек?
239. Сотқа дейінгі іс-жүргізу деректерін жария етпеу туралы қылмыстық процеске қатысушыларды ескерткен кезде қандай құжат толтырылады?
240. Аталғандардың қайсысы қылмыстық іс бойынша анықтау жүргізуге құқығы жоқ?
241. Күдіктіні уақытша қызметінен шеттету болып саналады:
242. Келіп түскен арыз бойынша қандай шешім қабылдануы мүмкін?
243. Күзетпен ұстау шарасының жалпы мерзіміне кіреді:
244. Қисынды мерзімді қолдану үшін қандай жағдайлар ескерілед?
245. Кәмелетке толмағандардың істері бойынша төменде көрсетілген қандай өндіріс қолданылады:
246. Бұлтартпау шарасы қолданылып, күзетпен ұсталған күдікті қайда орналастырылады?
247. Бұлтартпау шарасын не үшін қолданады?
248. Тергеу әрекетін түнгі уақытта жүргізуге болады ма?
249. Анықтаушының шешімі мен әрекеті шағымдалады ма?
250. Қай сәттен бастап зат қылмыстық іс бойынша заттық дәлелдеме ретінде саналады?
251.Азаматтардың қылмыс туралы арыздары келесідей болып табылады?
252. Қай кезде қылмыстық іс бойынша қосымша сараптама тағайындалады?
253. Құқық қорғау органдары қызметінің қай түрі қылмыстық іс жүргізуге жатады?
254. Анықтау барысында қатысушыларға күш қолдануға болама ?
255. Жеткізу бұлтартпау шарасын тұлғаға қолданған жағдайда қандай құжат толтырылады?
256. Анықтаушымен кешенді сараптама қандай жағдайда тағайындалады?
257. Күдіктіге (айыпталушыға) қатысты қылмыстық іс бойынша қауіпсіздік шаралары қолданылад?
258. Қауіпсіздік шарасы қашан тоқтатылады?
259. Куәнің беті жабулы күйде (маскада), өзі туралы еш мәлімет бермей тану үшін көрсету жүргізу әрекеті мүмкін бе?
260. Кім кәмелетке толмағанның заңды өкілі бола алады?
261. Қандай жағдайларда күдікті ретінде тану туралы қаулы шығарылмайды?
262. Қылмыстық іс жүргізу барысында қылмыстық процессуалдық заңның талаптарын жеңіл-желпі бұзуға жол беріледі ме?
263. Алдын-ала тергеу ісінжүргізу міндетті емес істер бойынша анықтау жүргізу қай кезден басталады?
264. Тану үшін ең азы қанша фотосурет ұсынылады?

265. Жәбірленушіден жауап алу хаттамасында келесі мәліметтер көрсетіледі;
266. Кәмелетке толмаған куәдан жауап алу барысында кім қатыса алады;
267. Фотосурет арқылы тануға ұсыну хаттамасында неше фотосурет ұсыну қажет?
268. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жәбірленушіні немесе күдіктіні сараптама қортындысымен таныстыруға міндетті ме?
269. Дәлелдеме ретінде алынған нәрселер қалай рәсімделінеді?
270. Процестік ұстап алу туралы хаттамада келесі мәліметтер көрсетіледі?
271. Адвокат қорғауды жүзеге асыру үшін тергеушіге қандай құжат ұсынады?
272. Қылмыстық істі қайта жандандырған кезде қандай статистикалық карточка толтырады?
273. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілетін жер?
274. Алдын ала тергеудің аяқталуы?
275. Жауап алу қанша уақыттан артық жүргізілмеуі тиіс?
276. Жауап алудың барысы мен нәтижесі қандай құжатта көрсетіледі?
277. Ұстап алу жүргізудін мақсаттары
278. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынған адамды босатудың негіздерін анықтаныз?
279. Ұстап алынған адамның жеке басын тінту негіздері
280. Ұсталған адам басқа мемлекеттің азаматты болса кімге хабарланады?
281. Басқа мемлекеттің азаматтын ұстап алған кезде қанша уақыт ішінде сол мемлекеттің елшілігіне, консулдығы немесе өзге де өкілділігіне хабардар етуге тиіс?
282. Бұлтартпау шарасын қолдануда төменде көрсетілген мән-жайлар есепке алады?
283. Кепілдік беруші кепілден бас тартуға құқылы ма ?
284. Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндірісте күдікті қай уақыттан бастап күдікті болып танылады ?
285. Анықтаушы-өз құзыреті шегінде қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыруға өкілетті ме?
286. Қылмыс жасауға және басқа да заң бұзушылықтарға ықпал еткен жағдайларды жою жөніндегі анықтаушының (тергеушінің) құжаты қалай аталады?
287. Анықтау жүргізуге кімнің құқығы жоқ?
288. Анықтау істері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру қанша мерзімде жүргізіледі?
289. Анықтаушының сотқа дейінгі тергеп-тексеру қабылдаған шешімдеріне кім қадағалау жүргізіледі?
290. Қарап-тексеру куәгерлерсіз жүргізілуі мүмкін ба?
291. Азамат қылмыс болған жайлы арызбен жүгінгенде анықтаушы не істеу керек?
292. Кінәсін мойындап келу сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына себеп бола ала ма?
293. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің басталуы дегеніміз не ?

294. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің  мерзімі ұзартылуы мүмкін бе?
295. Анықтаушы сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу үшін қандай процессуалдық құжат толтырылады?
296. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің нысандары?
297. Анықтаушымен сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру жүргізу құқығы бар ма?
298. Күдікті мен айыпталушының жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін заңмен реттелеме?
299. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген процестік ұстап алынған адам қорғаушымен кездесуге құқығы бар ма?
300. Ұстап алынған күдіктінің туысқандары жазбаша хабардар болуы керек пе?

**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі**
**Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясы**

**Заң институты**

**Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы**

# Дәріс қоры

**Тақырыбы: «Анықтаудың жалпы мінездемесі, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің нысаны ретінде».**

**Қарағанды 2018 ж.**

Мазмұны

Кіріспе

4. Анықтау органының сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу түрі ретінде.

5. Анықтау өндірісінің ерекшеліктері.

6. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезіндегі анықтау органы бастығының өкілеттелігі.

**Қорытынды**

Қолданылған әдебиеттер тізімі

# Кіріспе

Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет болып табылады, оның ең қымбат қазынасы-адам және оның өмірі мен денсаулығы, құқықтары мен бостандықтары. Осыған сәйкес, мемлекеттің негізгі міндеттері мен мақсаттары болып адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау танылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықпен күресуде тергеу және жедел-іздестіру бөліністерінің өзара әрекеттесу мәселелерін зерттеудің ғылыми көкейкестілігі мен тәжірибелік маңызы. Қылмыстық ізге түсу органдарының қызметі әдістік, көп жылдар бойына мемлекет басшылығының әділ сынына түсіп отырғандығы кездейсоқ емес. Жедел-іздестіру қызметінің сапалы нәтижелілігін ұлғайту, аталған қылмыстарды тергеуді сүйемелдеуді белсендендіру талап етілуде.

Жасалған қылмыстық құқық бұзушылық қиын әлеуметтік құбылыс ретінде зорлық-зомбылықты, сыбайлас жемқорлықты, бопсалаушылықты, нашақорлықты және т.б. туындатады.

Қазіргі таңда ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға, қылмыс пен заңдылықты бұзуға қарсы күресті күшейтуге, Конституциямен қорғалатын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге баса назар аударылып отыр.

Қазақстандық қоғамның жаңа әлеуметтік-экономикалық қайта құрылуына байланысты құқықтық мемлекетті қалыптастыру бойынша қылмыстылықпен күресу өзекті болып табылады. «Құқық қорғау қызметі» туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңнын 4-бабында құқық қорғау қызметінің принциптері көрсетілген. Құқық қорғау органдарындағы қызмет Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің принциптеріне және құқық қорғау қызметінің арнаулы принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады. Құқық қорғау қызметінің арнайы принциптері мыналар болып табылады: адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтан қорғау міндеттілігі; азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастық; құқық қорғау органдарында құқық қорғау қызметін ұйымдастыруға көзқарастың біртұтастығы және т.б..

Біздін мемлекетімізде қазіргі уақытта жалғасып отырған құқықтық жүйенің реформаландырылуы қылмыстық ізге түсу органдарының қызметін оптимизациялау сұрақтарына тікелей әсер етеді. Қазіргі уақытта қызметкерлері көп жағдайларда сотқа дейінгі тергеп тексеру нысанында аяқталатын қылмыстық істерді ашатын және тергейтін накты ІІМ жүйесін мақсатты реформаландыру өткір сұрақ болып отыр. ІО тәжірибесі кейбір жекелеген қызмет түрлері бойынша жасап шығарылған ұсыныстардың болуына қажет ететіндігі тұрғысында қылмыстық-процессуалдық құқық және ғалымдар мен тәжірибелік қызметкерлердің ойларының мерзімдік басылымдарынан шыға отырып, ІІМ жүйесі бөліністері араларында өзара әрекеттесуді жүзеге асыру барысында ІО органдары қызметінің тиімділігін арттыру бойынша жекелеген ұсыныстарды жасап шығаруға әрекет жасалған.

## 1. Анықтау органының сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу түрі ретінде

Ішкі істер органдарының міндеттері болып қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау тергегеу мен анақтау органдарының міндеттері болып табылады.

Сонымен қоса қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, олардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда - оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуі, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға, қылмыстың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдесуі тиіс деген пікірдеміз.

Анықтау органдарына қылмыстық құқық бұзушылықтарды және оларды жасаған тұлғаларды анықтау мақсатында қажетті жедел-іздестіру және қылмыстық-процессуалдық заңда көзделген басқа да шараларды қабылдау жүктеледі. Алайда, ЖІҚ анықтау органының барлығы айналыса бермейді. Әрекеттің бұл түрі тек қылмыстарды ашу және жолын кесу, іздеу жүргізу және қылмысты жасаған тұлғаларды анықтау, қоғамға қауіпті әрекеттің ізін анықтау, жасалған қылмыс нәтижесінде келтірілген зиянды өтеуді қамтамасыз ету бойынша сәйкес аппараттардың, құралдардың және әдістердің көмегімен жүзеге асырылатын органдарға тиесілі. Анықтау органдарының барлығы жедел іздестіру қызметін айналысуға құзырлы еместігі сияқты, ЖІҚ жүзеге асыруға бөліністердің барлығы құзырлы емес секілді органдардың барлығы анықтау органына жатқызыла бермейтінін есте сақтау қажет. Жедел-іздестіру әрекеттерінің мәнін дұрыс түсіну үшін олардың іс бойынша тергеу жүргізу басталмас бұрын, іспен бірге және ол аяқталғаннан кейін өткізіле алатынын назарда ұстау қажет.

Қазақстан Республикасының жедел-іздестіру қызметі туралы Заңының 1 бабына сәйкес, ЖІҚ – бұл азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті қорғау, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің қылмысты қол сұғуынан, сондай-ақ барлау-бүлдіру әрекетінен қоғам мен мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Заңға, Қазақстан Республикасының басқа да заңдары мен қалыптық құжаттарына сәйкес жүзеге асыратын жария және жасырын жедел-іздестіру, ұйымдық және басқару шараларының ғылыми негізделген жүйесі. Жедел іздестіру шаралар жүзеге асыруға құзырлы бөліністер–бұл жедел-іздестіру (жедел-іздеу, қарсыбарлаулық және басқалар) басқармалары, қызметтері, бөлімдері,

бөліктері, филиалдары және басқа да тізбелер. 13 б. жедел іздестіру шаралары тікелей жүзеге асырушы мемлекеттік органдардың тізімі көрсетілген.

Қазақстан Республикасының ҚПК 61-б. Анықтау органы: қылмыстық құқық бұзушылықтың сипатына қарай анықтау органдарына:

1) заңда белгіленген құзыретіне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық белгілері мен оларды жасаған адамдарды табу, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу мақсатында қажетті қылмыстық-процестік және іздестіру іс-шараларын қолдану;

2) алдын ала тергеу жүргізілетін істер бойынша ҚР ҚПК 196-б. (Анықтау органдарының алдын ала тергеу жүзеге асырылатын істер бойынша қызметі) көзделген тәртіппен қылмыстық-процестік және іздестіру іс-шараларын орындау;

3) алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша ҚР ҚПК 191-бабында (анықтау нысанында және хаттамалық нысанда жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру) көзделген тәртіппен анықтау;

4) ҚР ҚПК 190-б. белгіленген сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеруді жүзеге асыру;

5) қылмыстық теріс қылық бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді хаттамалық нысанда жүзеге асыру;

6) ҚР ҚПК 189-б үшінші және бесінші бөліктерінде көзделген жағдайларда алдын ала тергеу ісін жүргізу жүктеледі.

Тергеуші мен жедел қызметкерлердің өзара әрекеттесуінің толықтылығы мен тиімділігіне қол жеткізу тек қана осындай өзара әрекеттесудің заңда көзделген және тәжірибе жүзінде қалыптасқан белгілі бір талаптарын қатаң сақтау негізінде құрылады. Демек аталған талаптарды сақтау өзара әрекеттесудің әрбір жағдайы барысында тергеуші және жедел қызметкер үшін де міндетті болып табылады. Бұл талаптар өзара әрекеттесудің принциптері болып табылады. Заңдылықтың сақталуы қатысушылардың әрекеттерінің анық құқықтық реттелуімен, тергеу және анықтау органдарының басшылары тарапынан жүргізілетін бақылаумен, прокурорлық қадағалаумен қамтамасыз етіледі.

Ішкі істер органдарының күштері мен құралдарын кешенді түрде қолдану. Аталмыш принцип қылмысты тез және толық ашу, сондай-ақ оны жасаған кінәлі тұлғаларды әшкерелеу қажеттілігімен негізделеді.

М.А. Мельцев пікірі бойынша жасалған қылмысқа құқықтық баға беру туралы сұрақтарды шешумен байланысты барлық мән-жайларды жанжақты зерделеу және жасалған қылмыс бойынша нақты сол немесе басқа да азаматтың кінәлілігін анықтау ғана емес, іс бойынша бастапқы материалдарды жинау және қылмыскерді белсенді түрде іздестіру басқа жағдайларда жүргізіледі және басқа да тәсілдер мен нысандарды талап етеді деп көрсеткен. Біріншісі анықтаудың міндеттеріне кіреді, екіншісі алдын ала тергеудің міндеті болып табылады.

Бұл кезде алдын ала тергеу жүргізу кезінде өткізілетін барлық тергеу әрекеттері мен ЖІШ жалғасушы бір бірлерін толықтырушы бір тізбектің

бөлшегі болуы тиіс. Анықтау органы тергеуші сияқты тергеу жүргізудің кез келген сәтінде іс бойынша маңызы бар жаңа дәлелдемелер алу секілді жедел-іздестіру мәліметтерін ала алады. Сондықтан да тергеуші мен анықтау органы әрқашан және үнемі өздеріне келіп түсетін ақпараттармен алмасып отырулары және келіп түскен сол ақпараттарға байланысты нақты тергеулік жағдай бойынша белгілі бір немесе басқа да мүмкіндіктерді қолданудың дұрыстығы жөніндегі сұрақтарды шешуі тиіс.

Тергеушінің анықтау органымен өзара әрекеттесуінің осындай принципі Қазақстан Республикасы ҚПК тікелей бекітілген, яғни онда тергеуші тергеу іс-әрекеттерін жүргізу туралы барлық шешімді дербес қабылдайды және олардың заңды және уақтылы атқарылуы үшін толық жауапты болады деп белгіленген. Осылайша, заң тергеушіге келесідей сұрақтарды шешу міндетін жүктейді: сотқа дейінгі тергеп тексеру бойынша анықтау органын тартудың қажеттілігі туралы; анықтау органын тартудың көлемі туралы; осы өзара әрекеттесудің нақты міндеттері туралы; осы өзара әрекеттесудің уақыты, орны және мерзімдері туралы; қажетті әрекеттерді орындаудың көлемі мен бірізділігі туралы.

ҚР ҚПК 188-бап. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілетін жер. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық құқық бұзушылық жасалған ауданда (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) жүргізіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жедел және толық болуы мақсатында ол қылмыстық құқық бұзушылық анықталған орын бойынша, сондай-ақ күдікті немесе куәлардың көпшілігі тұратын жерде жүргізілуі мүмкін.

Тергеу әрекеттерін басқа ауданда (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) жүргізу қажет болған жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам оларды жеке өзі жүргізуге не бұл әрекеттерді жүргізуді сол ауданның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) тергеушісіне немесе анықтау органына тапсыруға құқылы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасырын тергеу әрекеттерін немесе іздестіру іс-шараларын жүргізуді сотқа дейінгі тергеп-тексеру орнындағы немесе олар жүргізілетін жердегі анықтау органына тапсыра алады. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді қоспағанда, тапсырма он тәуліктен аспайтын мерзімде орындалуға тиіс.

Тергеушінің, прокурордың тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмаларын орындаған кезде анықтау органының қызметкері тергеушінің өкілеттіктерін пайдаланады.

ҚР ҚПК 180-бап. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері.

Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болмаған кезде, қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер, атап айтқанда:

1) қылмыстық құқық бұзушылық не адамның хабарсыз кеткені туралы жеке тұлғаның арызы не мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның хабары;

2) кінәсін мойындап келу;

3) бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар;

4) қылмыстық қудалау органының лауазымды адамының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы рапорты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері болып табылады.

Тергеушінің анықтау органымен өзара әрекеттесудің осы принципі Қазақстан Республикасы ҚПК-де тікелей бекітілген, яғни онда тергеуші тергеу жүргізудің барлық бағыттары, жүргізілуге тиіс тергеу әрекеттері бойынша барлық шешімдерді өзі дербес қабылдайтындығы және олардың заңдылығы мен дер кезінде жүргізілуі бойынша толық жауапкершілікте болатындығы жөнінде көрсетілген. Осылайша, заң тергеушіге келесі сұрақтарды шешуді жүктейді: анықтау органын сотқа дейінгі тергеп тексеру бойынша өндіріске тарту қажеттілігі туралы; анықтау органын тартудың көлемі туралы;аталған өзара әрекеттесудің нақты міндеттері туралы; осы әрекеттесудің уақыты, орны және мерзімдері туралы; қажетті әрекеттерді орындаудың көлемі мен бірізділігі; бір және сол немесе бірнеше әрекеттерді бірлесе отырып жүргізуде әрбір органның рөлі; өзара әрекеттесуге қатысушылардың арасында міндеттерді бөлу және т.с.с. туралы.

Тергеушінің, жедел-іздестіру бөліністері басшылары мен қоғамдық қауіпсіздік полициясы басшыларының тергеу әрекеттерін және ЖІШ жүргізу мен нәтижелері бойынша дербес жауапкершілігі. Осы принциптің орындалу қажеттілігі, жоғарыда көрсетіліп кеткендей, Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен реттелген.

Анықтау органымен өзара әрекеттесу бойынша жұмысты ұйымдастыратын және сол бойынша дербес жауапкершілікте болатын тергеуші, жалпы алғанда жедел қызметкерлердің барлық әрекеттеріне жауап бере алмайды. Олар, өз кезегінде, тікелей басшылыққа бағынады және оған атқарылған жұмыстардың көлемі, сапасы және нәтижелері жөнінде есеп беруге міндетті. Егер де жедел қызметкер қылмыстық-процессуалдық нормалардың бұзылуына жол берсе, сол тек тергеуші ғана емес, сонымен қатар ішкі істер органдарының басшы құрамы да жауап береді.

Жедел бөліністердің қызметкерлерінің қолданыстағы заңнама шеңберінде жедел іздестіру шаралар құралдары мен әдістерін таңдаудағы дербестілігі. Қылмыстарды ашу және тергеу процесінде көп жағдайларда процессуалдық әдістермен шешуге мүмкін болмайтын қиындықтар туындайды. Мұндай жағдайларда анықтау органына жүргізу жүктелетін ЖІШ маңызды болып табылады. Осымен қатар, қылмыстық-процессуалдық заңға сәйкес, тергеуші анықтау органдарына іздестіру әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмалар мен нұсқаулар беруге құқылы. Бұл құқық біріншіден, тергеу бөліністеріне жедел-іздестіру функцияларының қатыстылығы жоқтығымен; екіншіден, жедел іздестіру шаралар нәтижелерін тергеу жүргізу барысында қолдану қажеттілігімен негізделеді. Тергеушінің тапсырмалары мен нұсқауларының өзгешелігі оның тек шешу үшін анықтау органдарына жүктейтін нақты міндеттерді қоя алатындығында. Бұл кезде тергеуші өзінің тапсырмалары мен нұсқаулары бойынша анықтау органдары жүргізетін жедел іздестіру

шараларына араласуға құқылы емес. Осындай тапсырмалар мен нұсқауларды орындаудың құралдарын, әдістерін, тактикалық тәсілдері мен нысандарын таңдау тек қана жедел іздестіру шаралар жүргізетін органның құзырында болады.

Тергеу әрекеттері мен жедел-іздестіру шараларын жоспарлаудың келісімділігі. Келесі бағыттарда өзара әрекеттесудің міндеттері мен мазмұны нақтыланады және толықтырылады, өзара әрекеттесуші субъектілердің шеңберін өзгерту, жаңа күштер мен құралдардың қажеттілігі туындауы мүмкін. Бірлескен жоспарлау тергеушінің бастапқыда іс бойынша бар мәліметтерді талдауынан, бірлесе әрекет етуді талап ететін міндеттерді, нақты орындаушыларды анықтауынан тұрады, осыдан кейін ғана тергеушінің жедел қызмет жұмыскерлерімен жедел ақпаратты алмасуы жүргізіледі. Келесіде өзара әрекеттесудің қатысушыларының жұмысына және оның атқарылған нәтижелермен, тергеулік жағдайдың өзгеруімен айқындалатын міндеттеріне түзетулер енгізіледі. Негізі-өзара әрекеттесумен құрылатын келісілген жоспарда келесілер болуы тиіс: тергеу және іздестіру болжамдарын көрсету; шығарылған әрбір болжам бойынша анықтауға және нақтылауға жататын мән-жайлардың тізімі; қажетті әрекеттердің тізімі, яғни осы әрекеттердің көмегі арқылы аталған мән-жайлар анықталуы және зерттелуі тиіс және осындай әрекеттердің тәртібі; тергеуші жүргізетін іздестіру шараларының тізімі; жедел-іздестіру арқылы анықтауға жататын мән-жайларды көрсету (жедел-іздестіру шараларының өзі, осы мән-жайларды анықтаудың жолдары жоспарда көрсетілмейді); орындау мерзімдері, соның ішінде аралық: ақпаратпен алмасу, жоспарға түзетулер енгізу; жоспардың әрбір тармағы бойынша орындаушылар.

Қорыта келе, осы сұрақта анықтау органының сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу түрі ретінде мәселелерін қарастырдық.

## 2. Анықтау өндірісінің ерекшеліктері

Анықтаушы – іс бойынша өз құзыретінің шегінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адам. (ҚР ҚПК 63-б)

Анықтаушы істі анықтау органының бастығы бекіткен өз қаулысымен өзінің іс жүргізуіне қабылдап алуға және осы Кодексте айқындалған нысандарда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға, заңда оларды анықтау органы бастығының бекітуі не келісуі не прокурордың, соттың, тергеу судьясының санкциялары немесе соттың шешімі көзделген жағдайларды қоспағанда, тергеу әрекеттері мен басқа да процестік әрекеттерді жүргізу туралы шешімді дербес қабылдауға құқылы.

Алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде анықтаушы ҚР ҚПК 190, 191-баптарында көзделген ерекшеліктерді қоспағанда, алдын ала тергеу жүргізу үшін ҚР ҚПК-те көзделген қағидаларды басшылыққа алады.

Анықтаушы, алдын ала тергеу жүргізілетін істер бойынша анықтау органы бастығының тапсырмасы бойынша кезек күттірмейтін тергеу

әрекеттерін жүргізуге уәкілетті, ол туралы жиырма төрт сағаттан кешіктірмей прокурор мен алдын ала тергеу органын хабардар етуге міндетті.

Анықтау органы бастығының нұсқаулары анықтаушы үшін міндетті. Анықтау органы бастығының қылмыстық істер жөніндегі нұсқауларына прокурорға шағым жасалуы мүмкін. Нұсқауларға шағым жасалуы, күдіктінің іс-әрекетін саралау және күдік көлемі, істі айыптау актісімен бірге прокурорға жіберу немесе қылмыстық істі тоқтату туралы нұсқауларды қоспағанда, олардың орындалуын тоқтата тұрмайды.

Қылмыстық құқық бұзушылықты ашу және тергеп тексерук бойынша өзара эректтесудің үздіксіздігі. Жоғарыда көрсетілген барлық принциптерді қолдану - тергеуші мен жедел қызметкердің өзара әрекеттесуінің үздіксіздігінен тұрады. Жасалайын деп жатқан, жасалып жатқан немесе жасалып кеткен қылмыс туралы хабарламаны алған сәттен бастап жедел қызметкер өз келесі әрекеттерін тергеушімен келіседі, олар белгілі бір немесе басқа да шараларды орындаудың ойға қонымдылығы мен құқыққа сәйкестігі жөніндегі сұрақтарды бірлесе отырып шешеді. Тергеуші анықтау органының мүмкіндіктерін қылмыстық құқық бұзушылықты ашу және тергеу бойынша атқаратын өз жұмысының бас кезінен және алдын ала тергеу аяқталғанға дейін қолданады.

Дәлелдеу- істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұрады. (ҚР ҚПК 121-бап.)

Күдіктінің, айыпталушының қылмыстық жауаптылық негіздерінің және кінәсінің бар екенін дәлелдеу міндеті айыптаушыда болады.

Дәлелдемелерді жинау - сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауы процесінде ҚР ҚПК көзделген процестік әрекеттерді жүргізу арқылы жүргізіледі. Дәлелдемелерді жинау оларды табуды, бекітуді және алып қоюды қамтиды. (ҚР ҚПК 122-б.)

Қылмыстық процесті жүргізетін орган процеске қатысушылардың өтінішхаттары немесе өз бастамасы бойынша өзінің іс жүргізуіндегі қылмыстық іс бойынша жауап алу немесе сарапшы немесе маман ретінде қорытынды беру үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен кез келген адамды шақыруға; осы Кодексте көзделген процестік әрекеттерді жүргізуге; коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді берудің және жария етудің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібін сақтай отырып, жеке, заңды тұлғалардан және лауазымды адамдардан, сондай-ақ жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардан іс үшін маңызы бар құжаттар мен нәрселерді беруді талап етуге; уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан ревизия және тексеру жүргізуді талап етуге құқылы. Қылмыстық қудалау органы жеке кәсіпкерлік субъектілеріне ревизиялар мен тексерулер жүргізудің талап етілетіні туралы бір тәулік ішінде прокурорды хабардар етеді. Сот өз бастамасымен дәлелдемелер жинауға құқылы емес.

Қазақстан Республикасы ҚПК-те белгіленген тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеру ге немесе сот талқылауына қатысуға жіберілген қорғаушы,

жәбірленушінің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеу туралы тәртіпті сақтай отырып, жәбірленушіні қорғауды, оның мүдделерін білдіруді жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді:

1) заңды тұлғалардан анықтамаларды, мінездемелерді, өзге де құжаттарды талап ету арқылы алуға құқылы.

Мемлекеттік органдардан, қоғамдық бірлестіктерден, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардан анықтамаларды, мінездемелерді және өзге де құжаттарды қорғаушы, жәбірленушінің өкілі талап етіп алдыруы мүмкін. Көрсетілген заңды тұлғалар қорғаушыға, жәбірленушінің өкіліне олардың сұратқан құжаттарын немесе олардың расталған көшірмелерін он тәулік ішінде беруге міндетті;

Күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы мәселені қарау кезінде талап етіп алдырылатын анықтамалар, мінездемелер және өзге де құжаттар қорғаушыға екі тәулік ішінде ұсынылады;

2) ҚР ҚПК 272-бабының бесінші, тоғызыншы және оныншы бөліктеріне сәйкес шарттық негізде сот сараптамасын жүргізуге бастамашылық жасау;

3) сараптама мекемесіне шарттық негізде тиісті сараптама жүргізу туралы сұрау салу жолдау;

4) шарттық негізде маман тарту;

5) қылмыстық іске қатысты ақпаратты білуі ықтимал адамдардың келісуімен, олардан сұрақ алу арқылы, оның ішінде ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып алуға құқылы.

Дәлелдемелер ретінде қылмыстық іске қосып тігу үшін ауызша да, жазбаша да нысандағы мәліметтерді, сондай-ақ нәрселер мен құжаттарды күдікті, айыпталушы, қорғаушы, жекеше айыптаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сондай-ақ кез келген азаматтар мен ұйымдар беруге құқылы.

Нәрселер мен құжаттар ҚР ҚПК-тің 125-бабының қағидалары бойынша бағаланғаннан кейін қылмыстық іске қосып тігіледі, ол туралы ҚР ҚПК 119-бабы екінші бөлігінің талаптарына сәйкес хаттама жасалады.

Қылмыстық процеске қатысушылардан және өзге де тұлғалардан заттар мен құжаттарды қабылдау осы Кодекстің 99-бабында белгіленген тәртіппен өтінішхат негізінде жүзеге асырылады.

ҚР ҚПК 123-бап. Дәлелдемелерді бекіту - нақты деректер процестік әрекеттердің хаттамаларында тіркелгеннен кейін ғана дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында хаттамаларды жүргізу жауаптылығы анықтаушыға, тергеушіге және прокурорға, ал сотта–сот отырысына төрағалық етуші мен хатшыға жүктеледі.

Тергеу және сот әрекеттеріне қатысушыларға, сондай-ақ сот талқылауында тараптарға осы әрекеттердің барысы мен нәтижелері тіркелген хаттамалармен танысу, хаттамаларға толықтырулар мен түзетулер енгізу, осы әрекетті жүргізудің тәртібі мен шарттары жөнінде ескертулер мен қарсылықтар айту, хаттамадағы жазбаларға өз редакциясын ұсыну, анықтаушының,

тергеушінің, прокурордың немесе соттың назарын іс үшін маңызы болуы мүмкін мән-жайларға аудару құқығы қамтамасыз етілуге тиіс. Хаттамада тергеу және сот әрекеттеріне қатысушыларға олардың құқықтары түсіндірілгені туралы белгі жасалады.

Ауызша айтылған толықтырулар, түзетулер, ескертулер, қарсылықтар, өтінішхаттар мен шағымдар хаттамаға енгізіледі, ал жазбаша нысанда баяндалғандары хаттамаға қоса беріледі. Сызып тасталған немесе кіріктіріліп жазылған сөздер немесе басқа да түзетулер туралы хаттама соңында қойылған қолдар алдында ескертпе жасалады.

Тергеу әрекетінің хаттамасымен танысқан адамдар хаттаманың әрбір бетіне мәтіннің соңғы жолының астына және хаттаманың соңына өзінің қолын қояды. Сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысу кезінде әрбір беттің соңына не осы бөліктің соңына қолын қоюға құқылы.

Анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе сот ескертулермен немесе қарсылықтармен келіспеген жағдайда, бұл туралы қаулы шығарады.

Заңда көзделген жағдайларда процеске қатысушылардың немесе басқа да адамдардың қайсыбіреуі тергеу әрекетінің хаттамасына қол қоюдан бас тартқан кезде анықтаушы, тергеуші немесе прокурор хаттамаға бұл туралы белгі жасайды, оны өзінің қолымен куәландырады.

Заңда көзделген жағдайларда сот отырысының хаттамасында жазылған сот әрекеті туралы жазбаларға қол қоюдан бас тартылған кезде осы хаттамада белгі жасалып, оны сот отырысына төрағалық етуші мен хатшы өз қолдарымен куәландырады.

Хаттамаға қол қоюдан бас тартқан адам бас тартуының себебін түсіндіруге құқылы және бұл түсініктеме хаттамаға енгізілуге тиіс.

Егер процестік әрекетке қатысушы өзінің дене кемістігі салдарынан хаттаманы өзі оқи алмаса немесе оған қол қоя алмаса, онда оның келісімімен оның қорғаушысы, өкілі немесе оның өзі сенім білдіретін басқа жеке тұлға хаттаманы дауыстап оқиды және оған қол қояды, хаттамада бұл туралы белгі жасалады.

Дәлелдемелерді бекіту үшін хаттамалар жасаумен қатар дыбыс-, бейнежазба, кино-, фототүсіру, бедерлер, баспа-таңбалар, жоспарлар, схемалар дайындау және ақпаратты түсіріп алудың басқа да тәсілдері қолданылуы мүмкін. Тергеу әрекетіне немесе сот талқылауына қатысушының дәлелдемелерді бекітудің көрсетілген тәсілдерін қолданғаны туралы пайдаланылған ғылыми-техникалық құралдардың техникалық сипаттамалары келтіріле отырып, тиісінше тергеу әрекетінің хаттамасында немесе сот отырысының хаттамасында белгі жасалады.

Анықтау органдарының өзара әрекеттесуі кезінде іздестіру іс-шараларын жүзеге асыру үшін қолданылатын құралдар мен әдістер таңдаудағы дербестігі. Жедел-іздестіру шараларын жүргізу заңмен анықтау органдарына жүктелген. Сонымен қатар, заң тергеушіге анықтау органдарына оларды орындау кезінде жедел-іздестіру шараларын қолдану қажеттілігі туындайтын іздестіру тапсырмаларын беру құқығын бекітті. Алайда, анықтау органы жедел-іздестіру

шараларын өз бастамашылығымен де, тергеушінің тапсырмасы бойынша орындағанда да соңғысы анықтау органдары қолданатын іздестіру шараларынының сипатын анықтауға құқылы емес. Жедел-іздестіру қызметінде қолданылатын құралдар мен әдістерді таңдау анықтау органдарының айрықша құзыретіне жатады.

Тергеуші мен анықтау органдарының өзара әрекеттесуінің процессуалдық нысандары олардың іс әрекеттерінің келісілген сипатын және қылмыстық процесте қылмыстылықпен күресу мүмкіндіктерін үйлестіруді қамтамасыз ететін заңға негізделген ынтымақтасу тәсілдері ретінде анықталуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп тексеру субъектісі ретінде анықтаушының процессуалдық жағдайы туралы сұрақты қарастырғанда анықтау органының бастығымен қатынастарда, сондай-ақ тергеушімен пркурордың арасындағы қатынастарда көрініс табатын заңмен берілген өкілеттіктер шегінде қылмыстық ісиерді тергегенде пайдаланатын өкілеттіктерінің көлемін негізге алу керек. Бұл өкілеттіктердің шектері тергеушінікі сияқты саралаумен, айыптау мөлшерімен, істі сотқа жолдаумен не болмаса оны қысқартумен, яғни оның ішкі сеніміне негізделген іс бойынша шешімдері үшін анықтаушының процессуалдық дербестігі мен жауапкершілігінің көлемімен анықталады.

Сотқа дейінгі тергеп тексеру жүргізу кезінде анықтаушының процесуалдық дербестігі тергеушінің дербестігімен салыстырғанда көбірек шектелгендігі туралы қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Бұл анықтау органының өкілеттігіне жататын және заңды күшіне оларды тек сол орган бекіткеннен кейін ғана енетін іс бойынша негізгі шешімдерді қабылдау сұрақтарында барынша ашық көрініс табады.

Анықтау органының бастығы қылмыс жасады деп күдіктелген тұлғаларды ұстау туралы хаттамаларды; айыптау хаттамасын бекітеді. Іс жүзінде бұл анықтаушының анықтау органы бастығының шешімдеріне толық тәуелді екендігін, сондай-ақ бірде-бір тергеудің субъектісі өз қызметін мұндай анықтаушы сияқты қатал реттелу шегіне қоймайтындығын білдіреді.

Тергеушінің тапсырмалар беру құқығы оның міндеті де болып табылатындығын атап өту қажет, себебі оларды орындамай айыпталушыны, өзге де тұлғаларды және объектілерді іздестіруге барлық қажетті іс-шаралар қабылданда деп есептеуге болмайды**.**

Өзара әрекеттесудің ұйымдастырушылық нысандары, олардың қылмыстық сот өндірісіне келісілген қатысуын қамтамасыз ететін тергеуші мен анықтау органы арасындағы байланыстың накты тәсілдері болып табылады. Тергеушінің анықтау органы мен өзара әрекеттесуінің келесі ұйымдастырушылық нысандары: тергеушінің және анықтама органдары қызметкерлерінің оқиға болған жерге бірге баруын ұйымдастыру; тергеуші мен анықтау органдары қызметкерлерінің басқа аудандарға бірлесіп баруы; тергеу және жедел-іздестіру шараларын жүргізуді келісе отырып жоспарлау; накты іс бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүргізетін тергеушілер; бөліміне көмекке анықтау органының бір немесе бірнеше қызметкерлерін бөлу;

Ұйымдастырушылық нысандармен салыстырғанда тергеуші мен анықтау органының өзара әрекеттесуінің процессуалдық нысандары заңмен көзделген, бұл органдар арасында қылмыстық іс бойынша өндіріс кезінде процессуалдық қатынастардың болуымен сипатталады.

Қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлар:

1) оқиға және қылмыстық заңда көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері (оның жасалған уақыты, орны, тәсілі және басқа да мән-жайлары);

2) қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті кімнің жасағаны;

3) адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаудағы кінәлілігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған іс-әрекеттің себептері, заңдық және іс жүзіндегі қателіктері;

4) күдіктінің, айыпталушының жауаптылық дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар;

5) күдіктінің, айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар;

6) жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың салдарлары;

7) қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері;

8) әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоққа шығаратын мән-жайлар;

9) қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соғатын мән-жайлар дәлелденуге жатады.

2. Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша дәлелденуге жататын қосымша мән-жайлар – ҚР ҚПК 531-бабында, ал есі дұрыс емес адамдардың қоғамға қауіпті іс-әрекеттері туралы істер бойынша ҚР ҚПК 510-бабында көрсетілген.

3. Қылмыстық іс бойынша басқа да мән-жайлармен қатар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 48-бабына сәйкес тәркіленуге жататын мүліктің заңсыз, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынғанын немесе осы мүліктен түскен табыс болып табылатынын не құқық бұзушылық қаруы ретінде не экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыру немесе өзгедей қамтамасыз ету үшін пайдаланылғанын немесе пайдалануға арналғанын растайтын мән-жайлар дәлелденуге жатады.

Қылмыстық іс бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайлар да анықталуға жатады. 115-бап. Күдіктінің, жәбірленушінің, куәнің айғақтары

Күдіктінің, жәбірленушінің, куәнің айғақтары – олардың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында ҚР ҚПК 26-тарауында белгіленген тәртіппен жауап алуда жазбаша немесе ауызша нысанда хабарлаған мәліметтері.

Күдікті өзіне қарсы күдік жөнінде, сол сияқты өзіне белгілі, іс бойынша маңызы бар өзге де мән-жайлар мен дәлелдемелер туралы айғақтар беруге құқылы. Күдіктінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы өз кінәсін

мойындауы оның кінәлі екендігі іс бойынша қолда бар дәлелдемелер жиынтығымен расталған кезде ғана айыптау негізіне жатқызылуы мүмкін.

Жәбірленушіден іс бойынша дәлелденуге жататын кез келген мән-жайлар туралы, сондай-ақ оның күдіктімен, басқа жәбірленушілермен, куәлармен өзара қарым-қатынасы туралы жауап алынуы мүмкін. Егер жәбірленуші өзінің хабардар болған көзін көрсете алмаса, ол хабарлаған мәліметтер дәлелдеме бола алмайды.

Куәдан іске қатысты кез келген мән-жайлар туралы, оның ішінде күдіктінің, жәбірленушінің жеке басы мен өзінің олармен және басқа да куәлармен өзара қарым-қатынасы туралы жауап алынуы мүмкін. Егер куә өзінің хабардар болу көзін көрсете алмаса, ол хабарлаған мәліметтер дәлелдеме бола алмайды. Куә ретінде жауап алынуға жатпайтын адамдардың хабарлары дәлелдеме болып табылмайды.

Күдіктінің жеке басын сипаттайтын деректер туралы айғақтар айыптау негізіне жатқызыла алмайды және олар жаза тағайындауға немесе жазадан босатуға байланысты мәселелерді шешу үшін ғана дәлелдемелер ретінде пайдаланылады.

Жауап алу кезінде ҚР ҚПК белгіленген тәртіппен қылмыстық іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс қабылдауға немесе қайталап айтуға қабілетсіз деп танылған адамның айғақтары дәлелдеме болып табылмайды.

Құқық қорғау органдарына немесе арнаулы мемлекеттік органдарға құпия негізде жәрдем көрсететін адам тікелей қабылдаған нақты деректер көрсетілген адамның келісімімен одан куә, жәбірленуші, күдікті, айыпталушы ретінде жауап алынғаннан кейін дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Қылмыстық топқа енгізілген адамдар тікелей қабылдаған нақты деректер осы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, жедел-іздестіру қызметін не жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органның лауазымды адамынан куә ретінде жауап алынғаннан кейін дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

194-бап. Тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуі.

Іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру ол күрделі немесе үлкен көлемді болған жағдайда тергеушілер және анықтау органының қызметкерлері тобына (тергеу, жедел-тергеу тобына) тапсырылуы мүмкін, бұл туралы қаулы шығарылады. Бұл туралы шешімді тергеу бөлімінің немесе анықтау органының бастығы қабылдауға құқылы. Қаулыда тергеп-тексеру жүргізу тапсырылған барлық тергеушілер, анықтау органының қызметкерлері, оның ішінде топ жетекшісі – тергеуші көрсетілуге тиіс.

Күдікті, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері тергеушілер, анықтау органының қызметкерлері тобының тергеп-тексеретіні туралы қаулымен танысуға тиіс және оларға осы топ жетекшісіне, сондай-ақ топ құрамындағы кез келген тергеушіге, анықтау органының қызметкеріне қарсылық білдіру құқығы түсіндіріледі.

Топқа сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бірнеше органның тергеушілері, анықтау органының қызметкерлері кіруі мүмкін. Мұндай топты құру туралы шешім прокурордың нұсқауы бойынша да, тергеу бөлімі немесе анықтау органы бастықтарының бастамасы бойынша да қабылдануы мүмкін. Мұндай шешім осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарды сақтай отырып шығарылатын бірлескен қаулымен ресімделеді.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар айрықша жағдайларда тергеп-тексерудің толық және объективті болмау фактілері, істің күрделілігі мен маңыздылығы анықталған кезде прокурорлар, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бір немесе бірнеше органның тергеушілері мен жедел қызметкерлері арасынан топ құра алады, бұл ретте прокурорды осы топтың жетекшісі етіп тағайындап, бұл шешімді өз қаулысымен ресімдейді.

195-бап. Топ жетекшісінің өкілеттіктері: Топ жетекшісі өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдайды, топтың жұмысын ұйымдастырады, басқа тергеушілер мен анықтау органдары қызметкерлерінің әрекеттеріне басшылық жасайды.

Қылмыстық қудалауды, қылмыстық істі толықтай немесе оның бір бөлігін тоқтату, қылмыстық істерді біріктіру және бөлу, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін ұзарту туралы өтінішхат қозғау туралы, сот санкциялайтын бұлтартпау шараларын қолдану және оларды ұзарту туралы шешімдерді топ жетекшісі ғана қабылдайды.

Айыптау актісін, істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені қарау үшін сотқа беру туралы қаулыны, іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулыны топ жетекшісі жасайды және оларға қол қояды.

Топ жетекшісі ҚР ҚПК белгіленген тәртіппен қылмыстық іс бойынша басқа тергеушілер жүргізетін тергеу әрекеттеріне қатысуға, тергеу әрекеттерін жеке өзі жүргізуге және шешімдер қабылдауға құқылы.

Жетекші болып тағайындалған прокурор тергеушінің осы Кодексте көзделген барлық өкілеттіктерін пайдаланады.

ҚР ҚПК 196-бап. Анықтау органдарының алдын ала тергеу жүзеге асырылатын істер бойынша қызметі.

Алдын ала тергеудің жүзеге асырылуы қажет қылмыс белгілері болған жағдайда, анықтау органы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға және қылмыс іздерін анықтау және бекіту бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін: қарап-тексеруді, тінтуді, алуды, куәландыруды, күдіктілерді ұстап алу мен олардан жауап алуды, жәбірленушілер мен куәлардан жауап алуды және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізуге құқылы. Анықтау органы анықталған қылмыстық құқық бұзушылық және сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы прокурорды дереу хабардар етеді.

Кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін орындағаннан кейін, бірақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған күннен бастап бес тәуліктен кешіктірмей,

анықтау органы тергеулігі туралы мәселелер болмаған ретте бұл туралы жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорды жазбаша хабардар ете отырып, істі дәл осы органның тергеушісіне беруге міндетті. Қалған жағдайларда қылмыстық іс тергеулігін айқындау үшін прокурорға беріледі.

Істі тергеушіге бергеннен кейін анықтау органы ол бойынша тергеу әрекеттерін, жасырын тергеу әрекеттерін, сондай-ақ іздестіру шараларын тек тергеушінің тапсырмасы бойынша ғана жүргізе алады. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды табу мүмкін болмаған істі тергеушіге берген жағдайда, анықтау органы тергеушіні нәтижелері туралы хабардар ете отырып, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды анықтау үшін іздестіру шараларын қолдануға міндетті.

ҚР ҚПК 197-б. Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы қағидалары.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам заңда көзделген тергеу әрекеттеріне қатысуға адамдарды тарта отырып, олардың жеке басына көз жеткізеді, оларға құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ тергеу әрекетін жүргізу тәртібін түсіндіреді.

Кейінге қалдырылмайтын жағдайларды қоспағанда, тергеу әрекетін түнгі уақытта жүргізуге жол берілмейді.

Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдар қолданылуы және қылмыстық құқық бұзушылықтың іздері мен заттай дәлелдемелерді анықтаудың, тіркеу мен алудың ғылыми негізделген тәсілдері пайдаланылуы мүмкін.

Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде азаптауға, зорлық-зомбылық көрсетуге, қорқытуға және өзге де заңсыз шараларды, қатыгез қарым-қатынасты қолдануға, сол сияқты оған қатысатын адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруге жол берілмейді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының басқа да қызметкерлерін тартуға құқылы.

198-бап. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында шығарылатын қаулылар.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру процесінде осы Кодекске сәйкес қандай да бір процестік шешімді қабылдау кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қаулы шығарады, онда оның жасалған орны мен уақыты, осы адамның тегі және лауазымы, қабылданатын шешімнің мәні мен негіздері, олардың негізінде қаулы шығарылған осы Кодекстің баптары көрсетіледі.

199-бап. Тергеу әрекетінің хаттамасы

Тергеу әрекетінің хаттамасы тергеу әрекетін жүргізу барысында немесе ол аяқталған бойда жасалады.

Хаттама қолмен жазылуы, машинкамен не компьютермен басу тәсілі арқылы жасалуы мүмкін. Хаттаманың толық болуын қамтамасыз ету үшін стенографиялау, киноға түсіру, дыбыс- және бейнежазба немесе өзге де ғылыми-техникалық құралдар қолданылуы мүмкін. Стенографиялық жазба, дыбыс-және бейнежазба материалдары немесе өзге де ақпарат жеткізгіштер хаттамаға қосып тігіледі және іспен бірге сақталады.

Хаттамада: тергеу әрекетін жүргізу орны мен күні; оның басталу және аяқталу уақыты минутына дейінгі дәлдікпен; тергеу әрекетін жүргізген адамның лауазымы мен тегі, тергеу әрекетіне қатысқан әрбір адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

Хаттамада процестік әрекеттер олардың болған ретімен, оларды жүргізу кезінде анықталған іс үшін елеулі мән-жайлар, сондай-ақ тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың мәлімдемелері жазылады.

Қорыта келе, аталған сұрақта анықтау өндірісінің ерекшеліктерін қарастырдық.

## 3. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезіндегі анықтау органы бастығының өкілеттелігі

Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясаттың тұжырымдамасы қылмыстық процестің негізгі принциптерінің, қылмыстық соттық іс жүргізу гуманизациясының нақты қылмыстық-процессуалдық нормаларда жүзеге асырылу жолымен, сотқа дейінгі және соттағы стадияларда процедуралардың тез және ықшамдалған түрде жүргізілуі жолымен және қылмыстық процестің бірден-бір көрсеткіші болатындай, адвокаттарды және азаматтарды әділ соттың сәйкес стадияларына қол жеткізудің шынайы механизмімен қамтамасыз ету жолымен қылмыстық-процессуалдық заңнаманың ары қарай жүргізілу жолдарын анықтап берді. Сондықтан да Қазақстан Республикасы құқықтық мемелекет құруға бағытталған құқықтық реформаны жүзеге асыру талаптарында біздің мемлекетіміздің ең негізгі әлеуметтік құндылығы – заңдылықтың сақталуына аса қатты көңіл бөлінеді. Құқық қорғау органдарына қылмыстарды тергеу мен ашуға бағытталған әрекеттерді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Бұл орайда қылмыстық істің сотқа дейінгі өндірісіне әрбір тергеу әрекеті дұрыс жүргізіліп ондағы құжаттың айқын процессуалдық тұрғыда толтырылуы заңдылықтың және әділдіктің кепілі болып табылады.

Ішкі істер министі Қалмұханбет Қасымов қабылданған оң шешімдердің нәтижесінде министрліктің жедел-қызмет саласының бірқатар бағыттары көптеген жетістіктерге жеткендігін атап өтті. Осы саланың ІІМ ведомствалық бақылауында және прокурорлық қадағалауда болуы, полиция қызметінің қылмыстарды анықтаудағы белсенділігі, әкімшілік құқық бұзушылыққа принциптік тұрғыда баға берілуінің нәтижесінде осы уақытқа дейін құқық қорғау органдарының назарынаң тыс қалған маңыздылығы төмен болып есептелген мыңдаған қылмыстардың бетін ашуға мүмкіндік туды.

Ұйымдасқан қылмысты анықтау мен болдырмау, сондай-ақ, экстремистік және террористік бағыттағы қылмыстар, есірткі бизнесіне қарсы күрес, заңсыз көші-қон, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қылмыстардың алдың алдын алу сынды ішкі істер органдарының маңызды мәселеріне ерекше назар аударды.

Тергеу жүргізу кезеңде тергеуші азаматтардың, оның ішінде іс жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету қажет. Дәлелдемелерді жинау барысында адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп келтіруге, жауап алғанда қорқытуға, бопсалауға немесе өзге де заңсыз

әрекеттерге қолдануға, ерекше жағдай болмаса тергеу амалдарын түнгі уақытта жүргізуге, басқа түрде адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға тыйым салады.

Әрбір тергеу әрекеті өзінің көптүрлі жеке ерекшеліктері бар. Бірақ та тергеу әрекеттерін бөлшектеліп кеткен және дәлелдемелерді жинау әдісінің бір-бірінен тәуелсіз деп қарауға да болмайды, олар біркелкі біріккен жүйені құрайды, бұлар олардың өзара ішкі байланыстары мен тәртіптілігі көрінеді. Барлық тергеу әрекеттері жалпы құқықтық конструкцияны құрайды (гипотеза, диспозиция, санкция). Бұлар тең түрде қылмыстық процестің қағидаларына және қоғамның әлеуметтік және әдептілік талаптарына бағынышты. Бұлардың негізінде толушылық және куәләндыратын операциялар жатыр. Жалғыз толушылық негіз, жалғыз құқықтық және әдептілік талаптар тергеу әркеттерінің жиынтығына ішкі тұтастығын және ұйымшылдығын береді.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде тергеу әрекетінің жүйелілігінде зерттеліп отырған оқиғаның іздерінің арасындағы объективті байланыстар көрініс табады. Кезкелген оқиға өзіндік біршама іздерді қалдырған өзара байланысты әрекеттердің кешенін құрайды. Сәйкесінше, іздерде біріккен көптүрлі байланыстар болуы мүмкін. Осы жерден тергеу әрекеттері де өзара байланысқан.

Қазақстан Республикасы ҚПК 62-бап. сәйкес анықтау органының бастығының өкілеттері қарастырылған:

Қазақстан Республикасы ҚПК 191-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында анықтау органы бастығының өкілеттіктеріне өз құзыреті шегінде Бас анықтау органы басқармасының (департаментінің), анықтау органы басқармасының, бөлімінің бастығы және олардың орынбасарлары ие болады.

Анықтау органының бастығы қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін және оларды жасаған адамдарды анықтау, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу мақсатында қажетті жедел-іздестіру, қылмыстық-процестік, оның ішінде жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді ұйымдастырады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына жедел-іздестіру іс-шараларының, жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін осы Кодексте белгіленген тәртіппен ұсынады.

Анықтау органының бастығы алдын ала тергеу органдарының тергеулігіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша:

1) кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізуді қамтамасыз етеді;

2) прокурордың, тергеу бөлімі бастығының, тергеушінің тапсырмаларын, оның ішінде жекелеген тергеу ісін және өзге де әрекеттер жүргізу және жәбірленушілерді, куәларды, қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын басқа да адамдарды қорғау шараларын қолдану туралы тапсырмаларын орындауды ұйымдастырады;

3) соттың тапсырмаларын орындауды ұйымдастырады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерілуін анықтау органдары жүзеге асыратын қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтау органының бастығы анықтаушылардың әрекеттерінің уақтылығын және заңдылығын бақылайды және:

1) олардың іс жүргізуіндегі істерді тексеруге;

2) жекелеген тергеу және өзге де процестік әрекеттерді жүргізу, күдіктінің іс-әрекетін саралау, істерді, материалдарды бір анықтаушыдан екіншісіне беру туралы нұсқау беруге;

3) анықтауды бірнеше анықтаушыға тапсыруға;

4) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға және бұл ретте істі өзінің іс жүргізуіне қабылдап не жекелеген процестік әрекеттерді орындай отырып, анықтауды жеке өзі жүргізуге құқылы.

5. Анықтау органының бастығы мүлікке тыйым салу туралы өтінішхатты қозғау, халықаралық іздестіру жариялау, күзетпен ұсталмайтын күдіктіні, айыпталушыны стационарлық сот-медициналық немесе сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға жіберу, күдіктіге, айыпталушыға қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау, күзетпен ұстау мерзімін ұзарту; күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын өзгерту немесе оның күшін жою; тінту жүргізу; күдіктіні, айыпталушыны лауазымынан шеттету; жақындауға тыйым салу; күдіктіні, айыпталушыны этаппен апару, күдіктіге, айыпталушыға іздестіру жариялау туралы қаулыларды келіседі; айыптау актісін, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы келіседі; қылмыстық құқық бұзушылық жасауға күдік келтірілген адамдарды ұстап алу туралы хаттаманы бекітеді; қылмыстық істі келісілген айыптау актісімен немесе қылмыстық теріс қылық туралы хаттамамен бірге прокурорға жібереді; қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін мән-жайларды жою жөнінде шаралар қолдануды қамтамасыз етеді.

Қорыта келе, осы сұрақта сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезіндегі анықтау органы бастығының өкілеттелігін қарастырдық.

Қорытынды

Қазақстан Республикасы құқықтық мемелекет құруға бағытталған құқықтық реформаны жүзеге асыру талаптарында біздің мемлекетіміздің ең негізгі әлеуметтік құндылығы – заңдылықтың сақталуына аса қатты көңіл бөлінеді. Құқықтық тәртіп және заңдылықтың сақталуы сұрақтары бойынша өткен кеңесте мемлекет Басшысы Н.Ә. Назарбаев өзінің сөзінде құқық қорғау мекемелерімен орындалған жұмыстармен қатар істің жекелеген санаттары бойынша күрделі қылмыстарды жүргізу біздің мекемелер үшін аса қиын екенін атап өтеді. Көптеген қауіпті қылмыстар - өлтіру, қарақшылық шабуылдар, ұрлықтар, зорлық іс-әрекеттер, есірткі қылмыстары және т.б. ашылған жоқ, ал оны істеген қылмыскерлер табылмай жатыр, не болмаса біраз уақыт өтіп кеткеннен кейін табылуда. Ең алдымен, бұл қылмыстық істермен күрес жүргізу тек барлық құралдар мен әдістерді және құқық қорғау мекемелерінің күштерін көптеп қолдануымен ғана шектелмеу керек екенін түсіндіреді, яғни сонымен қатар қылмыстық істерді зерттеу мен ашу процесінің жоғары дәрежеде ұйымдастырылуын да талап етеді.

Тергеуші мен анықтау органдары күштерін біріктіру олардың іс - әрекетінің тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді, қылмыстылықпен күресу жөніндегі міндеттерге қол жеткізуге ықпал етеді. Өзара әрекеттесу әрбір қылмыстық іс бойынша емес, нақты істің мән-жайлары талап еткенде ғана жүзеге асырылады. Анықтау және тергеу органдарының өзара әрекеттесуі қылмыстық іс бойынша өндіріс кезінде тергеуші мен анықтау органының мақсаттары, орны және уақыты бойынша келісілген жұмысынан көрініс табады. Осы мақсаттар бойынша аталған қызметті реформалау тергеушінің функциялық міндетін нақты анықтауға; оған қажетті құзіреттер беруге, сондай-ақ сырттай қандай да бір әсер етуді болдырмайтын тергеу аппаратын қайта құруға (реорганизация) бағытталуы тиіс.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп тексеруді анықтаушының ұйымдастыру-басқару қызметі жалпылай барлық анықтау жүргізу кезінде және оның бөліктерінде де қажетті ақпараттарды талап ету, басқа да органдарға тапсырмалар беру, ағымның дұрыс бағытта болуы үшін тиісті жағдайлар туғызу, сондай-ақ тергеу және жедел-тергеу топтарының құрамындағы бірлескен әрекеттерінен тұрады деген пікірдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы (өзг.толыкт.10.03.2017.).

2 Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы

Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» № 858 Жарлығы.

3 Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің деректері 2014 ж.

4 Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы.

5 Ожегов С. И. Толковый словарь русского языка: Ок. 100000 слов, терминов, фразеологических выражений / С. И. Ожегов; Под ред. Л. И. Скворцова. – 28-е изд. перераб. М.:2012.

6 Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы.

7 Қазақстан Республикасының ІІМ-нің 06 шілде 2001 жылғы № 543 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарындағы тергеу, анықтау жедел-криминалистикалық қызметтерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Ішкі істер органдарындағы тергеу аппараттарының қызметін ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулық.

8 Философский энциклопедический словарь. /Под ред. Л.Ф.Ильичёва.– М., 1983.

9 В.И.Даль Эффективность участия защитника в доказывании на предварительном следствии. — Красноярск, 1990.

10 Статкус В. Ф., Жидких А. А. Органы предварительного следствия в системе МВД России: Учеб. пос. — М., 2000.

11 Белкин Р.С, Коломацкий В. Г., Лузгин И. М. Криминалистика. — М., 1995. Том 1.

12 Жалпы редакцияны басқарған з.ғ.д., профессор Т.Е.Сарсенбаев. Қылымстық іс жүргізу актілерінің үлгілері (сотқа дейінгі саты). Тәжирибелік оқу құралы. Қарағанды Болашақ-Баспа 2010ж.

13 Тяжина А.О., Қалиев А.Қ., Хан А.Л. Қылымстық істер бойынша сотқа дейінгі өндіріс. Электрондық оқу құрал Қарағанды 2010ж.

14 Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу, сонымен қатар Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімін жүргізу Қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 23 қыркүйекте № 9744 тіркелді.

*Дәріс қоры ПӘС отырысында талқыланып мақұлданды*
*2018ж. «_05__»__06_______№_21__хаттама*

**Иллюстративтік және үлестірмелі материалдар**

| | Сабақ тақырыптары | Активтік оқыту әдістемесі Тарату материалы | Ескерту |
|---|---|---|---|
| 1 | Анықтаудың жалпы мінездемесі, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің нысаны ретінде | Дәріс материалдарын компьютерлік слайд арқылы көрсету | |
| 2 | Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бастау себептерінің негізділігі және заңдылығын қадағалаудағы анықтаушының қызметі | слайд-бейне көрсету. Тексті көрсету | |
| 3 | Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бастапқы сатысында дәлелдемелерді қолдану | Тәжірибелік сабақ өткізу барысында кестелерді көрсету | |
| 4 | Жәбірленушінің мәртебесін анықтаудың процессуалдық реті, жәбірленушіден жауап алуды ұйымдастыру мен өткізу | Компьютерлік презентационный блиц-тренинг.Электрондық оқу әдістеме бағдарламасы | |
| 5 | Жәбірленушінің болжамдарын тексеру бойынша анықтаушының қызметі. | Тәжірибелік сабақ өткізу барысында кестелерді көрсету | |
| 6 | Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңінде күдікті тұлғаны анықтау және күдіктіден жауап алуды ұйымдастыру бойынша анықтаушының қызметі | Тәжірибелік сабақ өткізу барысында кестелерді көрсету | |
| 7 | Анықтау кезеңіндегі тергеу әрекеттерін ұйымдастыру және өткізу | Дәріс материалдарын компьютерлік слайд арқылы көрсету | |
| 8 | Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңіндегі анықтаушының басқа да ҚР ІІО бөліністерімен қарым-қатынасы. | Дәріс материалдарын компьютерлік слайд арқылы көрсету | |
| 9 | Күдіктінің іс-әрекетін саралау кезеңіндегі анықтаушының қызметі | Тәжірибелік сабақ өткізу барысында кестелерді көрсету | |
| 10 | Анықтау кезеңіндегі бұлтартпау шараласының қолданудың ерекшелігі | Тәжірибелік сабақ өткізу барысында кестелерді көрсету | |
| 11 | Азаматтық талапты қанағаттандыруға қатысты анықтаушының қызметі | Тәжірибелік сабақ өткізу барысында кестелерді көрсету | |
| 12 | Жіберілген кемшіліктерді анықтау мақсатында іс материалдарын саралау және жүйелендіру | Тәжірибелік сабақ өткізу барысында кестелерді көрсету | |
| 13 | Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталу сатысындағы | Тәжірибелік сабақ өткізу барысында кестелерді көрсету | |

| | анықтаушының қызметі | | |
|---|---|---|---|

**Оқу сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық қамтамасыз ету**

| Тақырып | Сабақ түрі | Бағдарлама түрі | Өткізетін орны | Арнайы аудитория нөмері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Анықтаудың жалпы мінездемесі, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің нысаны ретінде | Слайдтар | | |
| 2. | Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бастау себептерінің негізділігі және заңдылығын қадағалаудағы анықтаушының қызметі | Слайдтар | | |
| 3. | Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бастапқы сатысында дәлелдемелерді қолдану | Слайдтар | | |
| 4. | Жәбірленушінің мәртебесін анықтаудың процессуалдық реті, жәбірленушіден жауап алуды ұйымдастыру мен өткізу | Слайдтар | | |
| 5 | Жәбірленушінің болжамдарын тексеру бойынша анықтаушының қызметі. | Слайдтар | | |
| 6 | Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңінде күдікті тұлғаны анықтау және күдіктіден жауап алуды ұйымдастыру бойынша анықтаушының қызметі | Слайдтар | | |
| 7 | Анықтау кезеңіндегі тергеу әрекеттерін ұйымдастыру және өткізу | Слайдтар | | |
| 8 | Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңіндегі анықтаушының басқа да ҚР ІІО бөліністерімен қарым-қатынасы. | Слайдтар | | |
| 9 | Күдіктінің іс-әрекетін саралау кезеңіндегі | Слайдтар | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | анықтаушының қызметі | | | |
| 10 | Анықтау кезеңіндегі бұлтартпау шараласының қолданудың ерекшелігі | Слайдтар | | |
| 11 | Азаматтық талапты қанағаттандыруға қатысты анықтаушының қызметі | Слайдтар | | |
| 12 | Жіберілген кемшіліктерді анықтау мақсатында іс материалдарын саралау және жүйелендіру | Слайдтар | | |
| 13 | Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталу сатысындағы анықтаушының қызметі | Слайдтар | | |

**«ІО-ғы анықтау» арнайы курсы бойынша оқу - әдістемелік қамтамасыз ету картасы (ПОӘҚК )**

| /п | Оқу-әдістемелік құжаттардың атауы | Авторлар | Мемлекеттік тілінде (шыққан аттары) | Оры (шыққ |
|---|---|---|---|---|
| | 2 | 3 | 4 | |
| | **Оқу-теориялық басылым** | | | |
| . | Оқу құралы | 1.ТяжинаА.О., НогайбаеваА.С., Бейсембаев А.Ж.<br><br>2.КенжетаевД.Т., КалиевА.К., Балтабаев Т.Н.<br><br>3.Генеральная Прокуратура РК<br><br>4. Сарсенбаев Т.Е. Хан А.Л.<br><br>5. Сарсенбаев Т.Е. Смирнов С.В. Хан А.Л. | | Досудебное про уголовным дел процессуальных док<br><br>Примерные обра процессуальных досудебного расслед<br><br>Приказ № 89 от 19.0 «О порядке приема заявлений и совершенных правонарушений»<br><br>Уголовный проце производство: уче Астана: ИКФ «Фоли<br><br>Расследование уг кража чужого иму практическое Акрам групп, 2006г. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 6.Авторский коллектив под ред. А.Н.Ахпанова | Бөтеннің мүлкін ұрлауға қатысты қылмыстық істі тергеу:оқу тәжірибелік құрал.-Қарағанды: 2010ж. | Примерные обра процессуальных ак производства: уче пособие.-Алматы: 2006г. |
| | | 7.Авторский коллектив под ред. Т.Е.Сарсенбаева | Қылмыстық іс жүргізу актілерінің үлгілері (сотқа дейінгі саты) : Тәжірибелік оқу құралы.- Қарағанды: Болашақ Баспа: 2010ж. | Комментарий к дополнениям процессуальный ко Казахстан |
| | | 8.Тяжина А.О., Ногайбаева А.С. | | Новеллы расследования по Казахстан уче пособие (краткий Караганда 2015. |
| | | 9. Бейсенбаев А.Ж., Кондратьев И.В. | | Дознание по п растрате вверен имушествы образц документов. Уче пособие. Караганда |
| | | 10. Тяжина А.О., Ногайбаева А.С. | | Досудебное отдельных катего правонарушений Караганда 2015. |
| | | 11. Калиев А.К., Кондратьев И.В., Хасенов Е.А. | | Досудебное уголовных (убиство). Учебно пособие (под общей профессора То Караганда 2015. |
| | | 12. Калиев А.К., Шакжанов А.Т., Ақшолақов Р.Б. | Алаяқтық жолмен жасалған қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру. Әдістемелік нұсқаулықтар мен процессуалдық құжаттардың үлгілері. Оқу-тәжірибелік құрал. Караганда, 2015. | |
| | | 13. А.К.Қалиев, Т.Н.Сүйлеменов, А.Ж.Бейсенбаев, А.Т.Шакжанов. | Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы іс жүргізу құжаттарының үлгілері. Қарағанды: | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 14. Калиев А.К., Ногайбаева А.С., Хасенов Е.А. | 2016. | Досудебное отдельных видо правонарушений. практическое пособ 2017. |
| | | 15. Калиев А.К., Сулейменов Т.Н., Бейсенбаев А.Ж., Шакжанов А.Т., Жаксыбаев Б.Е. | Қылмыстық құқық бұзушылықтың жекелей санаттың сотқа дейінгі тергеп тексеру. Тәжірибелік-оқу құралы. Қарағанды 2017. | |
| | | 16. Бейсенбаев А.Ж. | | Предварительное присвоению или рас чужого имуществ практическое пособ 2017. |
| | | 17. Кондратьев И.В., Шульгин Е.П. | | Организационная следователя (до проведению следст Учебно- практич Караганда 2017. |
| | | 18. Т.З.Аймағанбетов, А.Қ.Қалиев, Т.Н.Сүлейменов, А.Ж.Бейсенбаев, А.Т.Шакжанов, А.С.Ноғайбаева, Б.Е.Жақсыбаев, Қ.М.Алимбеков, Е.А.Хасенов, Ж.С.Кемпирова | Қарап-тексеру жүргізуді ұйымдастыру бойынша тергеушілер мен анықтаушыларға жадынама. Қарағанды 2017. | |
| | | 19. Ногайбаева А.С., Хасенов Е.А. | | Квалификация решений лица, о досудебное расслед процессуальных Караганда, 2017. |
| .4 | Дәріс қоры, авторлық дәріс курсы | | | |
| | **Оқу-әдістемелік басылым:** | | | |
| . | Тесттік материалдар | 1.Авторский коллектив кафедры | ҚБСО пәні бойынша тергеу-криминалистикалық мамандығы 3 курс тыңдаушыларына арналған тест тапсырмалары | Вопросы тестов дл курса криминалистической |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2.Авторский коллектив кафедры | ҚБСО пәні бойынша жедел- іздестіру мамандығы 3 курс тыңдаушыларына арналған тест тапсырмалары | Вопросы тестов дл курса опера специализации |
| . | Электрондық оқулық | Тяжина А.О.<br>Хан А.Л.<br>Калиев А.К. | Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндіріс: электрондық оқу құрал.- Қарағанды, 2010ж. | |
| | **Оқу-әдістемелік басылым:** | | | |
| . | Дипломдық жұмыс дайындау бойынша әдістемелік ұсыным | Авторский коллектив кафедры | Дипломдық жұмыстарды дайындау, ресімдеу және қорғауға ұсыну жөніндегі ереже және әдістемелік нұсқаулар | Положение и методи по подготовке, представ-лению дипломных работ |
| . | 2 курс курсанттарына тәжірибемен танысу өту және оны ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыным | Авторский коллектив кафедры | ҚР ІІМ органдарының тергеу бөлімдерінде тергеу- кримина-листикалық мамандығы 2 курс тыңдаушыларының танысу тәжірибесін ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулар мен бағдарлама | Программа и методи по организации ознакомительной слушателей 2 кур криминалисти-ческо в следственных МВД РК |
| . | 3 курс курсантарына қосымша тәжірибе өту және оны ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыным | Авторский коллектив кафедры | ҚР ІІМ органдарының тергеу бөлімдерінде тергеу-кримина-листикалық мамандығы 3 курс тыңдаушыларының қосымша тәжірибесін жоспарланған сабақтардан тыс тәжірибе ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулар мен бағдарлама | Программа и методи по организации дополнительной внеучебное время курса криминалистическої в следствен-ных МВД РК |
| . | 4 курс курсанттарына тәжірибе өту және оны ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыным | Авторский коллектив кафедры | ҚР ІІМ органдарының тергеу бөлімдерінде тергеу-кримина-листикалық мамандығы 4 курс тыңдаушыларының тағылым-дамасын ұйымдастыру және жүргізу бойынша | Программа и методи по организации стажировки слуша след-ственно-кримин специализации в подразделениях МВ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | әдістемелік нұсқаулар мен бағдарлама | |
| . | Магисторлық диссертация дайындау және рәсімдеу бойынша әдістемелік ұсыным | Авторский коллектив кафедры | Магистрлік диссертацияны дайындау, ресімдеу және қорғау тәртібі жөніндегі әдістемелік ұсынымдар | Методические р подготовке, оформл магистерских дис-се |
| | **Оқу-әдістемелік кешендер:** | | | |
| . | Мамандық бойынша оқу-әдістемелік кешендер | Авторский коллектив кафедры | | |
| . | Пән бойынша оқу-әдістемелік кешендер | Авторский коллектив кафедры | | |
| | **Электрондық оқу-әдістемелік кешені:** | | | |
| . | Электронды тасымалдағышпен Компьютердің көмегімен көрсетілетін және электронды тасымалдағышпен ұсыну үшін әзірленген, оқу-әдістемелік кешені | Авторский коллектив кафедры | | |
| . | Электронды түрдегі тестер (тестілеу бағдарламалары) | Авторский коллектив кафедры | ҚБСО пәні бойынша тергеу-риминалистикалық мамандығы 3 курс тыңдаушыларына арналған тест тапсырмалары<br><br>ҚБСО пәні бойынша жедел-іздестіру мамандығы 3 курс тыңдаушыларына арналған тест тапсырмалары | Вопросы тестов дл курса криминалистическо<br><br>Вопросы слушателей 3 ку розыскной специали |
| . | **Оқу-әдістемелік кешендер:** | 1. Сарсенбаев Т.Е. Смирнов С.В. Хан А.Л.<br><br>2. Сарсенбаев Т.Е. Смирнов С.В. Хан А.Л.<br><br>3.Авторский коллектив под редакцией<br><br>Т.Е.Сарсенбаева | Бөтеннің мүлкін ұрлауға қатысты қылмыстық істі тергеу:оқу тәжірибелік құрал.-Қарағанды: 2010ж.<br>Қылмыстық іс жүргізу актілерінің үлгілері (сотқа дейінгі саты): Тәжірибелік оқу құралы.-Қарағанды: | Расследовани дела: кража чуж учебно-практическо Астана: Акрам груп |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Болашақ Баспа: 2010ж. | |